




Автор: Жексенбаева Асем Бекетовна
Пән: Қазақ тілі (Т1)
Сынып: 5-сынып
Бөлім: Көлік және жол белгілері
Тақырып: Жол белгілерін білеміз бе?



Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	5.1.5.1. Тыңдалған мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру, көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіру. 5.4.3.1. Сын есімдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану.
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар орындай алады: -Тыңдалған мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап береді, көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіреді. Сын есімдердің мағыналық түрлерін ажырата алады, түрлендіріп қолданады. Оқушылардың көпшілігі орындай алады: - Тыңдалған мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап береді, деректерге дәлел келтіреді, өз ойын өмірмен байланыстыра алады. Сын есім түрлерін ажыратып қолданады. Кейбір оқушылар орындай алады: -Көтерілген мәселе бойынша деректерге талдау жасайды, өзіндік пікірін қалыптастырады. Сын есімдердің түрлерін талдай алады.
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар орындай алады: - Мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді. - көтерілген мәселе бойынша өз ойын айтады. - өзіндік ой тұжырымын білдіреді. Нақты тақырыпқа арналған сөздік қор мен терминология: Бағдаршам, автобус, велосипед, жаяу жүргінші, аялдама, автокөлік, жол полициясы, ескерту, басымдылық белгілер, ақпараттық-көрсеткіш белгісі. Диалог құруға / шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер: Менің ойымша... Менің байқауымша... Ойымды қорыта келе:
Күтілетін нәтиже:	Талқылауға арналған сұрақтар: 1.Жол белгілері туралы не білеміз? 2.Жол белгілері бізге не үшін қажет? 3. Оқушыларды жеке бас қауіпсіздігін сақтауға қатысты қандай басты жол белгілерін білесіңдер?
Бағалау критерийлері:	Тыңдалған мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап береді. Көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіреді. Сын есімдердің мағыналық түрлерін ажыратып, түрлендіріп қолданады.
Құндылықтарды дарыту:	Жол ережесі мен жол белгілері туралы оқушылардың ойларын ашық түрде жеткізуін және айналасындағы адамдарды құрметтеуін қалыптастырады
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интерактивті тақта
Пәнаралық байланыс:	Өзін – өзі тану, бейнелеу өнері т.б.
Бастапқы білім:	«Жалғасын тап» әдісі арқылы алдыңғы білімді сұрау. Оқушыларға парақ таратылады, парақта аяқталмаған сөйлем жазылған (4-5 мин)

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы (Басы (6-7 мин))	Ұйымдастыру сәті. Сабаққа қызығушылықты ояту. Миға шабуыл. «Суреттер сөйлейді» әдісі. Суреттерге мұқият қараңдар, не байқадыңдар? Топқа тірек сөздермен бөлу. 1-топ: Ескерту белгілері 2-топ: Тыйым салу белгілері 3-топ: Жаяу жүргіншілер жолы Бүгінгі сабақтың тақырыбы мен мақсаты және бағалау критерийлері таныстырылады.	Интерактивті тақта
-----------------------------------	---	--------------------

<p>Сабақтың ортасы (Ортасы (20-25 мин))</p>	<p>ТЖ 1-тапсырма «Пікірлер желісі» стратегиясы. Мәтінді мұқият аудиотыңдалымнан тыңдаңдар. Тыңдалған мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді. Жол белгілері Жол белгілері – көлік қозғалысын реттеу және көлік жүргізуші мен жаяу жүргіншіге ақпарат беру мақсатында жол бойына қойылатын арнайы белгілер. Жол белгілері 7 топқа бөлінеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ескерту белгілері 2. Басымдылық белгілері 3. Тыйым салу белгілері 4. Міндеттеу белгілері 5. Ақпараттық-көрсеткіш белгілері 6. Қызмет көрсету белгілері 7. Қосымша тақтайшалар <p>1. Ескерту белгілері – жолдың қауіпті бөлігінің жақындағанын хабарлайды. Ол айналасы қызыл жолақпен көмкерген ақ түсті тең қабырғалы үшбұрыш түрінде жасақталып, ортасына қауіп түрін айқындайтын шертты белгілер салынады.</p> <p>2. Басымдық белгілері – көше қиылыстарын, жолдың жіңішкерген бөлігін, кесіп өту кезектілігін белгілейді. Олар пішіндері мен түстері әртүрлі 9 жол белгілерінен тұрады.</p> <p>3. Тыйым салу белгілері – көлік қозғалысына белгілі бір шектеулер енгізеді немесе бұрын қойылған шектеулердің күшін жояды. Олардың пішіні дөңгелек болады, шеті қызыл жолақпен көмкеріп, ақ түсті ортасында тыйым салатын шартты белгілер көрсетіледі.</p> <p>4. Міндеттеу белгілері – бір бағытта немесе көліктің белгілі бір түріне ғана жүруге рұқсат етілетіндігін көрсетеді. Солға бұрылуға рұқсат ететін белгілер кері бұрылуға да рұқсат береді. Жиегі ақ жолақпен көмкерілген көк түсті, пішіні дөңгелек не тік төртбұрыш болып келетін 18 белгіден тұрады.</p> <p>5. Ақпараттық-көрсеткіш белгілері – қозғалыстың белгілі бір режимдерін енгізеді немесе күшін жояды, сондай-ақ елді мекендер мен басқа да нысандардың орналасуы туралы хабарлайды.</p> <p>6. Қызмет көрсету белгілері – жол бойында және жолдан әр түрлі қашықтықта орналасқан қызмет көрсету нысаналары туралы ақпарат береді. Олардың жалпы саны-12.</p> <p>7. Қосымша ақпараттық белгілері- бірге қолданылатын жол белгілеріне қосымша ақпарат беруге арналған. Негізінен түсі ақ, төртбұрыш кестешелер түрінде жасақталып, ортасына қосымша ақпараттардың шартты белгілері келтіріледі. Олар 100 м қашықтықтан анық көрінетіндей болып жарықтандырылады.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мәтінде не айтылған? 2. Тақтадағы суретпен мәтінді байланыстырып дәлел келтір. 3. Мәтіндегі ақпаратты өмірмен байланыстырып дәлелде. <p>Дескриптор: - Мәтінді түсініп тыңдайды. - Өз ойын білдіреді. - Суретпен байланыстырып дәлел келтіреді. - Өмірмен байланыстырып өз көзқарасын айтады.</p> <p>Қалыптастырушы бағалау: Өзара бағалау. Графикалық Жетон</p> <p>ЖЖ 2-тапсырма. «Сұрақ – жауап» әдісі. Бейнежазбаны мұқият тыңдаңдар. Тыңдалым негізіндегі сұрақтарға жауап беріңдер.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Сын есім дегеніміз не? 2. Сын есімнің түрлерін ата, мысал келтір. 3. Сын есімдердің түрлеріне талдау жаса. 4. Сын есімдерді қатыстырып, шағын мәтін құрап жаз. <p>Дескриптор: - Бейнежазбаны түсініп тыңдайды. - Сын есімнің түрлерін біледі. - Сын есімнің түрлеріне талдау жасайды. - Сын есімдерді қатыстырып, мәтін жазады.</p> <p>Қалыптастырушы бағалау: Өзара бағалау. Ауызша. «Дұрыс, бұрыс»</p> <p>Ж. 3-тапсырма. «Дәптермен жұмыс» . Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойып жаз. Жазғаныңды оқы. Қате кеткен болса, түзет.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Көшеден өтерде әуелі ... (қай?) жағыңа, көшенің орта тұсына жеткенде ... (қай?) жағыңа қара. Егер көлік келе жатса, өтіп кеткенше сол (қайда?) күте тұр. 2. Аялдамада тұрған автомобиль, автобус, троллейбустың (қай?) 	<p>Дәптермен жұмыс. Image not found or type unknown</p> 
---	---	--

<p>Сабақтың соңы (Соңы (5 мин))</p>	<p>Рефлексия. «Бағдаршам» әдісі. Image not found or type unknown</p>  <p>Қызыл түс - сабақты түсінбедім, сабаққа қатыса алмадым. Сары түс - сабаққа белсенді түрде қатыстым, аз да болса топқа пайдам тиді. Жасыл түс - сабақ маған ұнады.Сабақта берілген оқу материалын жете түсіндім.Өзіме қажеттісін алдым</p>	<p>«Бағдаршам» әдісі. Image not found or type unknown</p> 
<p>Рефлексия ((5 мин))</p>	<p>Сабақтың мақсаты мен оқу міндеттері орындалды ма? Бүгін оқушылар не үйренді? Сабақ қалай өтті, қандай деңгейде өтті? Жоспарланған саралау жақсы іске асты ма? (тапсырмалар сәйкес болды ма?) Уақытты қалай пайдаландым? Жоспарыма қандай өзгеріс енгіздім және неге?</p>	